

Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылайтын есеп комитеті мен Ресей Федерациясының Есеп палатасы арасындағы Інтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 қарашадағы N 1243 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылайтын есеп комитеті мен Ресей Федерациясының Есеп палатасы арасындағы Інтымақтастық туралы келісімнің жобасына қол қоюға келісім берілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

Жоба

**Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің
атқарылуын бақылайтын есеп комитеті мен Ресей Федерациясы
Есеп палатасының арасындағы Інтымақтастық туралы
келісім**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылайтын есеп комитеті мен Ресей Федерациясының Есеп палатасы,

Жоғары қаржы бақылау органдары халықаралық ұйымының (ИНТОСАИ) мақсаттары мен қағидаттарын басшылыққа ала отырып,

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің Жоғары қаржы бақылау органдарының басшылары кеңесінің сессияларында қол жеткізілген уағдаластықтардың іске асырылуына маңызды мән бере отырып,

өзара құрмет, сенімділік, тең құқықтық пен өзара тиімді ынтымақтастық қағидаттарын негізге ала отырып,

мемлекеттік қаржы бақылаудың тиімділігін арттыруға өзара ұмтылуды білдіре отырып,

мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Тараптар өз құзыретінің шегінде мынадай негізгі бағыттар бойынша ынтымақтастықты жүзеге асырады:

- а) мемлекеттік қаржы бақылауды жүзеге асырудың әдіснамасы мен тәртібі саласында тәжірибе алмасу;
- б) кадрларды көсіби оқыту және олардың біліктілігін арттыру саласында өзара іс-қимыл жасау;
- в) бірлескен зерттеулер, семинарлар, конференциялар және жұмыс бабындағы кездесулер үйымдастыру және өткізу;
- г) мемлекеттік қаржы бақылауды жүзеге асыру мәселелеріне жататын ұлттық заңнама кесімдерімен, көсіби ақпаратпен және әдістемелермен алмасу.

Тараптар өз құзыретінің шегінде өзара мүддені білдіретін басқада бағыттарда ынтымақтастық дамытады.

2-бап

Тараптардың әрқайсысы осы Келісімнің шеңберінде ақпарат және материалдар алмасу кезінде халықаралық ақпарат алмасуға қатысады, мемлекеттік құпияларды және өзге заңмен қорғалатын құпияларды қорғауды реттейтін өз мемлекетінің ұлттық заңнамасын басшылыққа алады.

Бірлескен зерттеулер жүргізу кезінде Тараптардың әрқайсысы өз мемлекетінің ұлттық заңнамасын басшылыққа алады.

3-бап

Тараптардың әрқайсысы, егер ақпаратты ұсынып отырған Тарап оны таратуды дұрыс деп таппаған жағдайда, алынатын ақпараттың құпиялышының қамтамасыз етеді.

4-бап

Тараптар мемлекеттік қаржы бақылауды, өз қызметкерлерінің көсіби даярлығы мен біліктілігін арттыруды жүзеге асыру мен жетілдіру саласында тәжірибе алмасу мақсатында өзара делегациялар жіберуді жолға қойып отыр.

5-бап

Осы Келісімнің шеңберінде іс-шараларды өткізу жөніндегі шығыстар Тараптардың әрқайсысының есебінен дербес жүзеге асырылады.

6-бап

Қажет болған жағдайда Тараптар осы Келісімді іске асыруға қатысты мәселелер бойынша бір-біріне кеңестер беріп отырады.

7-бап

Осы Келісімнің ережелері Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін. Барлық өзгерістер мен толықтырулар осы Келісімнің ажырамас бөлігін құрайды және жеке хаттамалармен ресімделетін болады.

8-бап

Осы Келісім олар қатысуышылары болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындаитын Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

9-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды консультациялар мен келіссөздер жолымен шешетін болады.

10-бап

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді, белгісіз мерзімге жасалады және Тараптардың біреуі екінші Тараптан оның қолданылуын өзінің тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарлама алған күнінен бастап алты ай өткенге дейін күшінде қалады.

2004 жылы "___" ____ Мәскеу қаласында әрқайсысы қазақ және орыс тілдерінде, екі түпнұсқа данада жасалды, бұл ретте барлық мәтіннің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар орыс тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасы
Республикалық бюджеттің
есеп комитетінің атынан*

*Ресей Федерациясы
Есеп палатасының атынан
атақарылудын
бақыластын*